

БЕКІТЕМІН

Астана қаласы әкімдігінің

«Әдістемелік орталығы» МКҚК

басшысы

С. Дауешова

«09» қазан 2025 ж.

«МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ!»

қалалық конкурсының

ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК ұйымдастыратын «Мамандығым – мақтанышым!» қалалық конкурсының (бұдан әрі – Конкурс) мақсаттары мен міндеттерін, өткізу тәртібі мен шарттарын айқындайды. Конкурс жалпы білім беру ұйымдарының бастауыш сынып мұғалімдері арасында өткізіледі. Қатысушылар еңбек өтілі 15 жылдан 30 жылға дейінгі «педагог-сарапшы» және «педагог-зерттеуші» біліктілік санаты бар педагогтер.

1.2. Конкурс 2025 жылға арналған Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК-ның жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

1.3. Мақсаты:

- Бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық әлеуетін, кәсіби шеберлігін қолдау және ынталандыру;
- Ұлттық құндылықтар мен заманауи педагогикалық технологияларды тиімді ұштастыра алатын педагогтерді анықтау.

1.4. Міндеттері:

- Мұғалімдердің цифрлық және әдістемелік құзыреттілігін көрсету;
- Ұлттық тәрбие мен заманауи білім беру мазмұнын кіріктіре алу қабілетін бағалау;
- Педагог мәртебесін арттыру, кәсіби ынтаны күшейту;
- Озық педагогикалық тәжірибені кеңінен насихаттау.

2. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі

2.1. Конкурсты ұйымдастырушы – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК.

2.2. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу мақсатында конкурстық комиссия құрылып, оған қатысушылардың материалдарын бағалау және жеңімпаздарды анықтау құқығы беріледі.

2.3. Комиссия құрамына:

- Білім беру ұйымдарының басшылары;
- Шебер-педагогтер;
- Бастауыш сыныптар қауымдастығының өкілдері және өзге де сала мамандары енеді.

2.4. Комиссия ұсынылған материалдарды сараптайды және бағалау критерийлеріне сәйкес жеңімпаздарды анықтайды.

2.5. Қатысушылардың жинаған ұпайлары тең болған жағдайда шешуші дауыс құқығы Комиссия төрағасына тиесілі.

2.6. Конкурс екі кезеңнен тұрады:

I кезең – 03.11-10.11.2025 ж. аралығы қатысушы педагогтердің жұмыстарын қабылдау (онлайн).

Тақырыбы: *«Бүгінгі бастауыш сынып мұғалімі – болашақ тұлғаны қалыптастырушы»*

Форматы:

- Цифрлық презентация (PowerPoint, Canva) немесе видео таныстырылым (2–3 минуттық өзін-өзі таныстыру және қысқаша презентация).

Мазмұндық талаптар:

- Мұғалімнің өз мамандығына көзқарасы, кәсіби миссиясы;
- Педагогикалық шеберлігі және оқушымен жұмыс әдістері;
- Ұлттық тәрбиелік элементтерді сабақ мазмұнына кіріктіру тәсілдері;
- Инновациялық және цифрлық ресурстарды пайдалану тәжірибесі;
- Презентация көлемі – 10 слайдтан аспауы тиіс;
- Видеоролик ұзақтығы – 2–3 минут.

Бағалау критерийлері (әрқайсысы 0-ден 5 ұпайға дейін):

- Кәсіби көзқарас пен миссияны ашу;
- Педагогикалық шеберлік және оқушымен жұмыс тәсілдері;
- Ұлттық құндылықтарды сабақта тиімді интеграциялау;
- Инновациялық және цифрлық құралдарды қолдану;
- Презентация мазмұны мен құрылымының сапасы;
- Видео таныстырылымның мазмұны мен техникалық сапасы (1–5 ұпай).

Ескерту: Белгіленген мерзімнен кеш тапсырылған жұмыстар қаралмайды.

II кезең – Қалалық кезең (финал)

Өткізу күні: 19.11.2025 ж.

Кезең атауы: «Шебер ұстаз – шабыт көзі»

Форматы: Қатысушылардың тікелей қатысуымен ықшамдалған сабақ көрсету (15 минут).

Шарты:

- Қатысушы өзінің педагогикалық тәжірибесінен үзінді көрсетеді;
- Креативті мини-сабақ немесе оқу іс-әрекетін (интерактив элементтерімен) 15 минут ішінде өткізеді;
- Сабақ мазмұнына ұлттық құндылықтарды (мақал-мәтел, ойын, дәстүр, салт және т.б.) тиімді интеграциялайды;
- Сабақ барысында цифрлық құралдар немесе жасанды интеллект (мысалы, ChatGPT, Canva, Quizizz және т.б.) қолданылады.

Бағалау критерийлері (әрқайсысы 0-ден 5 ұпайға дейін):

- Сабақ құрылымының логикасы және мақсатқа сәйкестігі;
- Педагогикалық шеберлік және оқушымен жұмыс тәсілі;
- Инновациялық және цифрлық құралдарды қолдану;

- Ұлттық құндылықтарды тиімді интеграциялау;
- Жалпы сахналық мәдениет және коммуникация дағдылары.

3. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар

3.1. Әр мектептен еңбек өтілі 15-30 жыл аралығында болатын 1 педагог-сарапшы және 1 педагог-зерттеуші педагог қатысуға өтінім бере алады.

3.2. Қатысушы өз жұмысын жолдаған кезде, ол автоматты түрде материалдарды тегін пайдалану, көпшілікке тарату, интернетте орналастыру, шығармашылық жобаларда қолдану, БАҚ-та жариялау және өңдеу құқығын береді. Жіберілген материалдар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

3.3. Материалдарды ұсынған кезде қатысушы төмендегі мәліметтердің пайдаланылуына келісім береді:

- Жеке деректері (аты-жөні, әкесінің аты, электрондық пошта мекенжайлары, фотосуреттері және т.б.);
- Өзінің аты-жөні, фотосуреттері мен басқа да деректерінің <https://astana-modern.kz/> сайты, YouTube, Facebook және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануына.

4. Материалдарды ресімдеу және тапсыру талаптары

4.1. Қалалық кезеңге қатысуға арналған материалдар «Мамандығым – мақтанышым!» конкурсының атауымен 2025 жылғы 03.11-10.11.2025 аралығында nga.bast2025@mail.ru электрондық поштасына жіберілуі тиіс.

4.2. I кезең қорытындысы 14.11.2025 жылы конкурс сайтына жарияланады.

4.3. II кезең 2025 жылғы 19 қараша күні сағат 08.30 №114 орта мектептің базасында өткізіледі.

5. Қорытынды шығару және марапаттау

5.1. Конкурс қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар тағайындалады:

- I орын
- II орын
- III орын

5.2. Қалалық кезеңнің жеңімпаздары «Әдістемелік орталық» тарапынан дипломдар мен алғыс хаттармен марапатталады.

5.3. Конкурс жеңімпаздарының материалдары Орталықтың ресми сайтына <https://astana-modern.kz/> жарияланады.

Анықтама телефоны: +7 701 157 1595

**«Мамандығым – мақтанышым!» қалалық конкурсына қатысуға
ӨТІНІМ**

Мені конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.
Өзім туралы мына мәліметтерді хабарлаймын:

1	Т.А.Ә. (толық)	
2	Лауазымы	
3	Білім беру ұйымының атауы, электронды пошта	
4	Презентация авторының электронды пошта	
5	Байланыс телефоны	
6	Презентация / файлдың атауы	